

**"Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 107-727 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 3 тамыздағы № 107-1339 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылы 7 қыркүйекте № 940 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 107-862 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 03.05.2016 № 107-862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 107–727 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 21 мамырда № 907 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 мамырдағы № 56 (3261) «Астана ақшамы», 2015 жылғы 28 мамырдағы № 56 (3279) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы мынадай мазмұндағы, реттік нөмірлері 80-1, 98-1 жолдармен толықтырылсын:

«

80-1	Астана қаласы әкімдігінің «№ 80 «Ботакан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	24 406	3 жасқа дейін – 3-6 жастан – 10 08
------	--	-----	--------	---------------------------------------

» ;

«

98-1	Астана қаласы әкімдігінің «№ 78 «Асыл» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	240	30 139	3 жасқа дейін – 3-6 жастан – 10 08
------	---	-----	--------	---------------------------------------

» .

2. «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты», «Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері бекітілген қаржыландыру жоспарлары шегінде тәрбиелеу мен оқыту бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың ағымдағы шығындарын өтесін.

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыны кейіннен ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялаумен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Ә. Аманшаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласының әкімі*

*Ә. Жақсыбеков*